

ҒТАХР 03.09.55

## ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСТАР АРАЛЫҒЫНДАҒЫ КЕҢЕС-ПОЛЯК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛелЕРІ

*А.М. Сманова*<sup>1</sup>

<sup>1</sup> т.ғ.к., доцент

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,  
Қазақстан, Алматы қ., email: aigulsmanova@mail.ru

Бұл мақалада Кеңес мемлекеті мен эмиграциядағы Польша үкіметінің арасындағы халықаралық, дипломатиялық және әскери байланыс туралы қарастырылады. Польша тәуелсіздігін қалпына келтіріп және Кеңес мемлекеті құрылғаннан кейін, олардың арасында күшті идеологиялық және саяси күрес басталды, яғни бұл екі елдің Орталық және Шығыс Еуропа аймағына үстемдік етудің дәстүрлі орыс-поляк қатынасын жалғастыру немесе бұл осы елдер арасындағы іргелі идеологиялық және сәйкессіздіктерге байланысты туындаған оқиға еді. Бұл ең алдымен екі ел арасындағы қарым-қатынасты, әсіресе оның халықаралық бағыттарын зерттеумен айналысты, өйткені ол тарих ғылымы үшін маңызды болатын. Аталмыш кезеңге байланысты екі елдің саяси көшбасшыларының пікірінше, тарихтың міндеті, яғни бұл сыртқы саяси бағытын анықтау, сондай-ақ бұрынғы тарихи айғақтар мен дәлелдерді өз елінің халықаралық сахнадағы әрекеттерінің пайдасына шешу.

*Түйін сөздер:* дипломатия, Рапалло келісімі, Шығыс Еуропа, Кеңестік Ресей, әлеуметтік қалыптасу, Мәскеу конференциясы, соғыс тұтқындары

Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі кеңес-польша саяси, әскери және дипломатиялық қарым-қатынасының мән-жайы соңғы жылдарға дейін өте құпия түрде сақталып келген болатын. Дегенмен бұл мәселе Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін қайта қолға алынып, мәселенің мән жайы теріске шығарыла бастады. Сондықтан Польша мен қазіргі Ресей арасындағы ынтымақтастықты қалыптастыру үшін ең алдымен, кеңес-польша арасындағы бұрынғы тарихи шындықтарды қалыптастыру керек болды. Сондай оқиғалардың бірі – 1920-1941 жылдар аралығындағы екі мемлекет арасындағы қарым-қатынастардың «ақтаңдақ» болып келген мәселелері. Мақаланы жазу барысында тарих ғылымының дамуы барысында қалыптасқан тұжырымдар жиынтығы мен тарих ғылымының алдыңғы қатарлы мамандарының зерттеулерінде көрініс тапқан өзекті мәселелерге жаңа тұрғыдан қарау, жаңа тарихи ойлаудың тұжырымдамасы, соңғы жылдары тарих ғылымында болып жатқан түбегейлі өзгерістер де басшылыққа алынды.

Дүниежүзілік соғыстар аралығында кеңестік Ресейдің, одан соң КСРО мен Польшаның арасындағы қарым-қатынастар салқын түрде қалыптасты. Сол кездегі екі ел арасындағы 1919-1920 жылдардағы соғыс әкелген зардаптар жайында алақоздік, не болмаса бір-біріне айып таққан әрекеттер мен алауыздықтар осы бір өшпенділіктің бастамасы еді. Бірінші дүниежүзілік соғыс нәтижесінде енгізілген Еуропалық «тәртіпке» екі мемлекеттің де өзіндік принципті түрдегі қояр талабы болды. Германия Рейхы секілді Кеңес Одағы да Польшаның тұтастығы мен тәуелсіздігіне кепілдік берген Версаль жүйесінің әлсіреуін, тіпті, толықтай құрып кетуін көкседі. Сонымен 1920 жылғы кеңес-поляк соғысындағы жеңілістен соң Кеңес үкіметі Польшаны «бейбітшіліктің басты жауы» деп санады [1; 15-16].

Кеңестік басшылық 1921 жылы наурыз айының 21 күнгі «Рига келісім-шарты» [2; 71] деп аталған келіссөздер барысында Польша мен Ресейдің өзара «нығаюы» немесе «дамуына» берген уәделері кеңестік басқару жүйесі мен большевиктік революцияның нысанасынан ешбір ауытқып кете алмады. Ондағы басты жағдай большевиктік революцияның мүдделі стратегиясын жүзеге асырудан да ресейліктер бас тартпады. Мәскеудің көзқарасынша, Польша Батыстың неғұрлым дамыған капиталистік елдеріндегі жұмысшы табы мен пролетариат деп есептелген революцияшыл топтармен табиғи жалғастыратын көпір іспеттес болатын.

Сонымен 20-шы жылдары кеңес-поляк қатынастары екі мемлекеттің ішкі жағдайы мен халықаралық сахнадағы саяси құбылыстарға байланысты қалыптасты. 1918 жылдың наурыз айындағы Брест келісім-шарты Кеңестік Ресейдің Германиямен арадағы қарым-қатынастарының тұрақтана бастағандығын білдіреді [3; 68]. Ал 1922 жылы сәуір айының 16 күні неміс-кеңес келісім-

шарты бекітілді [4; 22]. Бұл келісім-шарт Кеңестік Ресей және Германия қарым-қатынастарын тұрақтауға бейімдеп, екі елдің дипломатиялық байланыстарының бағытын өздеріне пайдалы жаққа бұрды. Олардың арқасында бұрыннан жинақталған қарыз-берешектердің барлығы дерлік жойылды. Соғыс қарсаңындағы халықаралық келіссөздердің ішінде Рапалло келісім-шарты бүкіл әлемді дүр сілкіндірген болатын, яғни кеңес-герман өзара түсіністігі саяси бағытында қабылданған басқа да құжаттар осыдан туындады. Ол 1932 жылға дейін ғана күшін сақтаған кеңес-герман жақындасуын пайымдайтын «Рапалло саясатына» негіз қалады [5]. 1926 жылы сәуірдің 24 күні Берлинде «Достық және ынтымақтастық туралы» келісім-шарт жасалып, бұл кеңес-герман жақындасуының келесі кезеңіне жол салды [2; 56].

Польша жағы болса бұл Рапалло келісім-шартын (неміс-кеңес өзара түсіністігі саяси бағытында қабылданған басқа да құжаттар осыдан туындаған) Еуропадағы өз позициясына қатер төндіруі деп бағалады. Осындай жағдайдан құтылу үшін Польша Шығыстағы көршісіне байланысты саясаттың белсенділігін арттыра отырып, өзіне пайдасыз оқиғадан құтылу жолдарын іздеді. Нәтижесінде «Көктен іздегені жерден табылып», осы кезде поляктардың ұмтылысы Кремль саясатымен дөп келді. Ол Рапалло келісім-шартына қарамастан өзінің Батыстағы көршісімен де қарым-қатынасты тұрақтандыруға көңіл аударды.

1924 жылы поляк үкіметі және кеңес сыртқы саясат ведомствалары басшыларымен өзара қарым-қатынастардың мәселелерін талқылау үшін конференция шақыруға бастама көтерді, ал 1925 жылы бір-біріне шабуыл жасамау туралы бітім жасауды ұсынды [4; 22]. Ал, 1926 жылы сәуірдің 24 күні Берлинде «Достық және ынтымақтастық туралы» келісім-шарт жасалып, бұл кеңес-неміс жақындасуының келесі кезеңіне жол салды [2; 56]. Бірақ 1925 жылы Польша және Кеңес үкіметі арасындағы поляк-кеңес келісім-шартын жасау жөніндегі келіссөздер 1928 жылы еш нәтижесіз далада қалды. Өйткені Германия мен қарым-қатынас кеңестік саясаттың басым бағыты болғандықтан, Польшамен арадағы бір-біріне шабуыл жасамау жөніндегі пактіні бұл мезетте жүзеге асыра қоюдың ешбір мүмкіндігі бола қоймады.

Дүниежүзілік соғыстар аралығындағы бетбұрысындағы халықаралық оқиғаларда сол кезде Еуропадағы күштерді орналастырудың өзгеруі ғажап емес, деген нышандардың белгілері де байқала бастады. Германиядағы экономикалық дағдарыс, 1930 жылғы сайлаудың қорытындысы көрсетіп бергендей, алдағы уақытта өкімет билігі ұлттық-социалистік партияның қолына көшетіндігіне алдынала болжам жасалды. Осы кездегі Германияда болып жатқан өзгерістер Польша мен Кеңес Одағын да іле кетті. Ал Германиямен ынтымақтастық қарым-қатынасының үзілуі Кеңес Одағының Еуропадан толықтай саяси оқшау қалуына әкеліп соғатын қатер туғызды. Сондықтан мұндай жағдайда кеңестік сыртқы саясат бағыты француз-поляк одағымен жақындасу жолын талдау қажет болды [6; 62].

1931 жылы тамыз айында болған кеңес-француз келіссөзі екі мемлекеттің бір-біріне шабуыл жасамау пактісіне қол қоюымен аяқталды. Соған қарамастан, 1932 жылы шілденің 25 күні Польша жағының бастамасымен Мәскеуде Кеңес Одағы мен Польша арасында бір-біріне шабуыл жасамау туралы пактіге де қол қойылып, 1933 жылы қаңтар айының 25 күні [7; 12] бұл құжат арнайы бекітілді. Бұл бір-біріне шабуыл жасамау туралы кеңес-поляк пактісі 3 жылға жасалып, оны тағы да екі жылға ұзарту мүмкіндігі қаралды. Сөйтіп, 1934 жылы мамыр айының 5 күні келісім-шарт 1945 жылдың 31 желтоқсан айына дейін ұзартылды [8; 134].

1932 жылы желтоқсан айында Мәскеуде аумақтық конференция шақырылып, оған: Кеңестік Ресей, Польша, Финляндия, Эстония, Латвия және Литва өкілдері қатысты [2; 23]. Сәтсіздікке ұшырағанына қарамастан бұл конференция Кеңестік Ресейдің батыстағы көршілері арасындағы шиеленісті жағдайды бәсеңдетуге онды ықпалын тигізді.

1938 жылы қыркүйек айының 23 күні Кеңес үкіметі польшалық әріптестеріне Германияның Чехословакияға қарсы агрессиялық соғысқа дайындалып жатқандығына байланысты ескерту үндеуін тапсыруға мәжбүр болды. Сол күні Мәскеу мынадай жауап алды: «Біріншіден, Польша мемлекетінің қорғанысына байланысты шаралар қолдану жөнінде Польша Республикасы ешкімге де түсініктеме беруге міндетті емес, Польша Республикасының үкіметіне тікелей қатысты мәселелерді ғана қабылдаймыз. Екіншіден, Польша Республикасының үкіметі өзі жасаған келіссөздердің мазмұнын жақсы біледі» [10; 154-155] делінген болатын. Сонымен бірге 1938 жылдың аяғында екі жақ тағы да негізгі бейбіт келісім, яғни 1932 жылмен байланыстырып, оның 1934 жылдан 1945 жылға дейінгі кезеңді қамтитынын мақұлдаған еді.

Ал 1938 жылы қыркүйек айының 28 күні Мюнхенде болып өткен конференция барысында және оның қорытындысы бойынша ой түйген кеңестік дипломаттар таяу уақытта Еуропада үлкен жанжалдың туатындығына болжам айтты. Сонымен бірге 1938 жылдың жазында Кеңестік Қиыр Шығыста Жапонияның қауіп-қатері ұлғая түсті, сондықтан кеңестер жағы екі майдандағы соғыстан сақтану мақсатын ұстанды. Мюнхендегі конференциядан кейін Кеңес басшылығы Еуропада қандайда бір қауіпсіздік жүйесін құруға мүмкіндік болмайтындығына көз жеткізіп, Германиямен келіссөздер жүргізу арқылы Батыстық державаларға арқа сүйеуге үміттенді. 1938 жылы қазан айының 4 күні кеңестік Сыртқы істер халық комиссарының орынбасары Владимир Потемкин француз елшілігімен және Мәскеудегі басқа да шетелдік дипломаттарға жаңа жағдайда КСРО үшін тұйықтан шығудың бірден-бір жолы Германиямен ынтымақтастықты шешу үшін Польшаны екіге бөлу мүмкіндігі ғана болды. Бірақ, 1939 жылдың көктемінен Германияға қарсы жасақталған ағылшын-француз-поляк одағының [10; 124] алдағы іс-қимылдарына Мәскеудің тікелей қазылық жасап, сарапшы болуына мүмкіндік берді.

1939 жылдың басында фашистік Германия үкіметі өзінің КСРО-ға жасайтын соғыс жоспарына Польшаны да тартқан болатын. 1939 жылы қаңтар айының 5 күні Польша сыртқы істер министрі Ю.Бек, Берхтесгаденде Гитлердің қабылдауында да болған. Ю.Бек сол кезде, «Германия мен Польшаның Кеңес Одағына қатысты ортақ мүддесінің» бар екендігі туралы сөз қозғаған еді. Сондықтан да күші мықты Польшаға қызығушылық тудырған да, оның «КСРО-ға қарсы пайдаланғысы келетін поляк дивизиясы, бір неміс дивизиясына ықшам болатынын» ескерген еді. Дегенмен де министр Ю.Бек болса Кеңес Одағына қарсы науқанға келіспейтіндігін білдірді. Бұған 1939 жылы наурыз айының 10-12 күндері Мәскеуде БКП (б) Орталық Комитетінің XVIII съезінің мәжілісінде И.В.Сталиннің сөз сөйлеуі айқын дәлел болды [8; 179]. БКП (б) бас хатшысы халықаралық оқиғаларды жан-жақты талдай келіп, фашистік және буржуазиялық-демократиялық мемлекеттердің тарапынан осы агрессияны қолдайтындықтарын сынға алды. Баяндамашы бұдан кейін «әскери арандатушыларды» жариялап, олар негізсіз Германиямен жанжалдасуға итермелеп, жағдайды тіптен ушықтыра түсуге әрекет жасап жатқандарын ашына тілге тиек етті.

Соғыс аралық жылдардағы ресми түрде кеңес-поляк қарым-қатынастарының саяси жағдайынан тарихшылардың толық мағлұматы болмады. «Ақтандақ» болған оқиғаның себебінде оған байланысты кеңес саясатының тарихында біз толықтай біле бермейміз немесе біржақты ғана хабардармыз. Шын мәнінде поляк-кеңес келіссөздерін жандандыру мен өмірге енгізу қажеттілігі 1939 жылы көктемде Польшаға қатысты Германияның басқыншылық пиғылы анық болған тұста және сәуір айында Гитлердің бұл елге қатысты есеп айырысуы әскери әрекеттермен қанағаттандырмақ болған тұсында өте қажет болған еді. Польша үкіметі бұл тұста поляк-кеңес қатынасына жалпы қанағаттанатын еді. 1939 жылы мамыр айының 13 күні Ю.Бек Париждегі поляк елшісіне хабарлағандай, таяу арада Потемкин мен болған келісім, «Кеңес Одағы біздің көзқарасымызды түсінуінде оңды пікірлерде екендігін, кеңес-поляк қатынасы қазіргі уақытта қалыпты да, орнықты жағдайда екендігін көрсетті», - деп мәлімдеген [6;125].

Сондай-ақ, Польшаның бағыттаушы топтарының КСРО-ға қатысты позициясы тек қана нәтижелі емес, онда жауластық та көзқарас болғаны өзінен-өзі айқын. 1939 жылы мамырдың 25 күні Ю.Бекке ресми сапармен келген Варшавадағы кеңестік елші Н.И.Шаронов, Кеңес Одағының Польшаға әскери көмек көрсетуге даяр екенінен хабардар етеді. КСРО-ның пиғылын түсінбестен бұл ұсыныс қабылданған еді. Поляк басшыларының шапшаңдығы ағылшын-француз-кеңес әскери келіссөзі тұсында ашық білінді, онда Польша Германия агрессиясы белең алған жағдайда кеңестік әскерлердің оның шекарасы арқылы өтуінен үзілді-кесілді қарсылығы болатын. Польша бұған келіспеді, анық болғандай бұл бағыт үш жақты келісімнің орындалмауының бірден-бір себебін түсіндірді. Содан кейін 1939 жылғы тамыздың 23 күнгі кеңес-герман келіссөзі мен қыркүйектің 28 күнгі достық пен шекара жөніндегі басқа да келіссөздер, құпия хаттамалар дүниеге келді. Әрине, бұл құжаттардың Польша мемлекеті тағдырына тікелей қатысты екендігі даусыз.

1939 жылы қыркүйек айының 30 күні Францияда құрылған генерал Владислав Сикорскийдің үкіметі [6; 198] егеменді Польша мемлекетін құруды алдына мақсат етіп қойды. Генералдың үкіметі 1939 жылы қыркүйек айының 17 күнгі оқиғаны ескере отырып, Польша тек Германиямен ғана емес, Кеңес Одағымен де соғыс өртінің тұтанайын деп тұрғанын қуаттап берді. Мәселен, 17 қыркүйек күні Кеңес үкіметі Қызыл Армияға Польшаның шығыс шекарасын бұзып өтуге бұйрық берген кезде, поляк мемлекеті осыған дейін-ақ «күйзеліп қаусырады» деп, біржақты мойындаса да генерал

Фелецин Слава-Складовкий үкіметі шартты түрде болсын соғыс жариялауға батылы жетпеді [4; 119]. Осы кезде эмиграциядағы үкімет өз позициясында қала берді. Дегенмен, Польшаның КСРО-ға қарсы соғысты бастап кетуге мүмкіндігі болмаса да 1939 жылы қыркүйек айының екінші жартысындағы жағдай соған әкелген-ді. Қалыптасқан жағдай генерал Сикорскийді Кеңес Одағымен келісімге келуге итермеледі (Ұлыбритания мен Франция да бұған ат салысты), дегенмен бұл тек 1941 жылы маусым-шілде айларында, Германия Кеңес Одағына соғыс ашар алдында ғана жүзеге асты [11; 179].

Бұл саясат генерал Сикорский басқарған үкіметтің сол кездегі жағдайын мейлінше анықтауға әсерін тигізді. Сондықтан, ресми түрдегі «қос дұшпан» теориясын ұстанған Сикорскийдің үкіметі іс жүзінде фашистік Германия және Кеңестік Ресеймен байланысты өз саясатын бірнеше рет өзгертіп басқаша жүргізуге мәжбүр болды. Немістердің Польшаға басқыншылық шабуылы мен қыркүйек науқанының себептеріне талдау жасайтын болсақ, онда шекараны Польшаның пайдасына шешу қажет екендігі ескеріліп, соған сәйкес жоба дайындалуы қажет еді (ең алдымен Пруссия және Гданскіні біріктіру немесе қарусыздандыру, сондай-ақ, Шленск, Онольскийді).

Поляк сарапшыларының пікірінше, одақтас мемлекеттермен келісілгендей, соғыстан кейінгі Польшаның қауіпсіздігі, дамуы мен дербестікте өмір сүруі бір арнада жүзеге асырыла отырып «ақиқаттың толық жасампаздығына» кепілдік беру және шығыс аймақтың алдағы болашағы үшін тыныш өмір сүруге, сөйтіп Ұлы Польшаны кемелдендіруді жалғастыру нәтижесінде Еуропадағы күштерді дұрыс орналастыру [12; 105] қажет болды.

Генерал Сикорскийдің үкіметі Орталық-Шығыс Еуропадағы, бірінші кезекте поляк-чехословак конференциясын, одан соң кейінірек барлық Балтық жағалауындағы мемлекеттер мен Венгрияны қоса отырып, кеңейтілген жаңа саяси ұйым құру жөніндегі британдық тұжырымды қолдай отырып, өз негіздемесін одан әрі тереңдете түсті. Еуропаның осы бөлігі мен Балтық, Қара теңіз және Адриат теңіздерінің ортасында құрылатын саяси ұйым Германияның Шығысқа көрсеткен қысымының жолын кесіп, оны Ресейден бөліп тастау міндетін алдына қойған еді.

Еуропа мемлекеттерінде аумақтық федерация қағидалары негізінде бірігу тұжырымын, нақтырақ айтқанда, поляк-чехословакия конфедерациясының жобасын алдымен Ұлыбритания қолдады. Бұдан кейін 1941 жылы көктемде Атлант Мұхитының арғы бетіне өзінің алғашқы сапарымен барған премьер-министр Сикорскийдің болашақ жоспарымен таныстырғанда, сол кезде бейтарап мемлекет Америка Құрама Штаттары да түсіністікпен қабылдады. Сонымен бірге, соғыстан кейінгі Германиямен өз шекарасын реттеп, қайта құру жөніндегі поляк үкіметінің ұсынысы британ сарапшылары тобынан қолдау тапты. 1939-1940 жылдары Польшаға Шығыс Пруссия мен Гданьскіні қосу немесе қарусыздандырудың қажеттілігіне көңіл аударған Париждегі саяси топтар да дәл осындай көзқарас танытқан болатын. Бірақ, 1941 жылдың көктемінде генерал Сикорскийдің АҚШ-қа сапары кезінде американдық бірқатар қайраткерлер Польшаның Германиямен шекарасына қатысты мәселелерді талқылаудан қалыс қалды [7; 84].

Нәтижесінде, генерал Сикорскийдің федеративтік тұжырымдары Кеңес Одағының саяси мүддесіне мүлдем қарама-қарсы болды. Кеңес үкіметі бұдан өздеріне қарсы бағытталған әрекетті, кезінде украин және беларусь халықтарын қосу жөніндегі актіні Сикорский үкіметінің мойындамағанын және поляк-кеңес шекаралары мәселелеріне байланысты Шығыс Еуропадағы өз позициясын бұзбақ болған ниетті байқады.

Бұған жауап ретінде Кеңес Одағы эмиграциядағы премьер-министр Сикорскийдің үкіметін мойындамады және ол үкіметтің ешбір мәлімдемесін қабылдамай тастады [11; 184]. Сол кезде Ұлыбритания мен Франция 1920 жылы Польша басып алған жерлер үшін соғысуға бармайтындарын, қалыптасқан жағдайларға қарамастан Польша үшін Мәскеумен қарым-қатынастарын үзбейтіндігін айқын түсіндірді. Польша үкіметінің өкілдерімен келіссөздер жүргізу кезінде 1939 жылы тамыз айының 23 күні жасалған одақтастық келісім-шартты тек Германияға қарсы жағдайда ғана Ұлыбритания Польшаға көмек көрсету міндетін өзіне жүктейтіндігін еске салды. Батыстық державалар үшін «поляк мәселесі» соғыстың салдарынан туындаған жағдайлардың бірі ғана еді. Сол себепті, олар поляк мәселесіне Польша Республикасы үкіметі үміт күткендей деңгейде көңіл бөлуге ниеттенбеді.

Дегенмен, поляк-ағылшын және поляк-француз ынтымақтастығы жөніндегі мәселе кеңес-фин соғысы басталуына байланысты алғаш рет күн тәртібіне қойылды. Бұл соғыс басталған соң Лондон мен Парижде Мәскеу саясатына қарсы іс-қимылдар пайда болып, мұның өзі КСРО-ға қарсы бағытталған насихаттық науқанның басталуына алып келді. Оның тиімділігі сонда, Кеңес Одағын

Ұлттар Лигасы құрамынан шығару, өрши келе Финляндияға әскери көмек көрсетуге дейін жалғастыру мақсаты қойылды. Бірақ 1940 жылы наурыз айының 12 күні Мәскеуде Финляндиямен бейбіт қатар өмір сүру туралы келісім-шартқа қол қойылған соң бұл мәселе қайтадан қозғалған жоқ [7; 86].

Ал 1940 жылы маусым айында Франция фашистік Германиядан жеңілген соң Еуропада стратегиялық жағдай қайта өзгерді. Енді Ұлыбритания Кеңес Одағымен қарым-қатынастарды жақсартуға ұмтылған пейілге көшті. Осы 1940 жылы Францияның жеңілісі генерал Сикорскийдің өткендегі саяси тұжырымдарының бәрін де шыңырау түбіне түсірді. Дәл шешуші сәтте Германияны жеңу мақсатында Франция жерінде зор қиындықпен құрылған поляк армиясының жартысы құрып кетті. 1940 жылы маусым айының 8 күні Ұлыбританияның бастамасы бойынша генерал Сикорский ұшақпен Лондонға аттанып кетті. Келесі күні Черчилльмен кездесіп, «Үшінші рейхтың» жалпы соғысты ұзарту жөніндегі шешімін ескере отырып, поляк үкіметі мен оның қалған әскери күштерін Ұлыбритания жеріне әкеліп орналастыру туралы әңгіме қозғады. 1940 жылы шілде айының 19 күні генерал Сикорскийдің тапсыруымен Польша Республикасының Лондондағы елшісі Эдуард Рачинский Ұлыбританияның Сыртқы істер министрі К.Галифакске үндеу тапсырды (меморандум). Онда 1939 жылғы қыркүйек айының аяғында Кеңес Одағының түрмелері мен шалғай аудандарына айдауға кеткен поляк жоғары шенді офицерлері мен қатардағы жауынгерлерінен КСРО жерінде Поляк Армиясын жасақтау ұсынысы және алдағы уақытта кеңес-поляк қарым-қатынастарының мән-жайы туралы мәселелер қаралды. Генерал Сикорскийдің не себепті мұндай үндеуді дайындағандығын айту, оған қазіргі күннің өлшемімен қарау өте қиын. Бәлкім, бұл тікелей Черчилльдің, болмаса оның қызметкерлерінің ұсынысы шығар (жоғарыда айтылып өткеніміздей, сол кезде Ұлыбритания Мәскеумен қалай да жақындасудың жолдарын іздестірген болатын).

Алайда, бірнеше күн өткен соң (1940 жылы 22 маусым) поляк эмигранттық үкіметінің президенті Владислав Рачкевич пен Сыртқы істер министрі Август Залесский генерал Сикорскийге қысым көрсете отырып бұл үндеуді кейін қайтарып алуға көндірді. Ал лорд Галифакс болса бұл үндеуді «болған жоқ» деп жоққа шығарды, ал 1940 жылы маусым айының 25 күні ол кейін қайтарылды. Соған қарамастан бұл үндеу Кеңес Одағымен қарым-қатынастың Польшаға аз да болса оң септігін тигізетіндігін түсінгендігінің айғағы болып табылады. Сыртқы саясатта «орындалмайды» деп саналатын шара жоқ. Осындай келеңсіздікке қарамастан, Черчилльге жеткізілген генерал Сикорскийдің ауызша кепілдігі қалды. Ал арада бір жыл өткен соң Ұлыбританияның премьер-министрі мұндай сәтті шебер пайдалана білді [13; 49].

Сонымен Францияның жеңілісінен кейін Еуропадағы қалыптасқан жаңа саяси және әскери жағдайлар Лондондағы поляк эмигранттық үкіметіне сыртқы саясаттың мән-жайын қайтадан елеп-екшеп алуды талап етті. Франция жеңіліске ұшырағанына қарамастан генерал Сикорскийдің сыртқы саясат жөніндегі мақсаты қағидалы түрде өзгере қоймады. 1940 жылы тамыз айының 15 күні эмигранттық үкіметтің сыртқы істер министрі В.Залесскийдің дипломатиялық көзқарастағы нұсқауында: «үкіметтің басшылыққа алған қимылдарында, күткеніміздің өзі осы, Францияның бірлігіне қарамастан, Ұлыбританиямен тізе қоса отырып, елді азат ету үшін және түбегейлі жеңіске жету мақсатында күресе беру қажет. Кеңес Одағымен қарым-қатынастарға келетін болсақ, нұсқауда атап көрсетілгендей, «қалыптасқан жағдай барысында Ресей Ұлыбританияның одақтасы ретінде» Германияға қарсы күресетін болса, біздің екі ортадағы жағдайымызды шешіп, кеңестік басып алу жөніндегі бұрыннан ала көздікке әкелген дау-жанжалды кейінге қалдыра тұру қажеттігі де туады» [7; 86] деген ой ортаға салынды.

Лондондағы Польша эмигранттық үкіметі Германияның Кеңес Одағына қарсы әскери іс-қимылдарды қалай қабылдау мүмкіндігін ұзақ мерзім саралады. Соған қарағанда, өз кабинетінде отырып, сондай-ақ британдық қайраткерлермен айтыс кезінде жаңа жағдайдың туындауы мүмкіндігін, Кеңес Одағымен келісім-шарт жасаудың талаптарын, ыңғайын анықтауға мүмкіндіктер болғаны да шындық. Сөйтіп, осыған дейін өзі ұстаған позицияны қайта бағалауға мәжбүр етті. Лондондағы поляк саяси және әскери топтары арасында Қызыл Армияның ұзақ мерзім тойтарыс беруіне сенімсіздік туып, соғыс жеңіспен аяқталған соң, Еуропаны ұйымдастыру тізгіні бәрібір ағылшын мемлекетінің қолында болады, деген көзқарас үстемдік етті. Алайда, Шығыс майданның маңызын елеп, ескермеуге болмайтын еді. Соған орай кеңестік аумақта жасақталатын Поляк Армиясының рөлін қалайша жоққа шығарамыз? Көптеген саясатшылар оның КСРО-мен келісім-шарт жасау үшін маңызды болатынын да жете бағаламады.

1940 жылы қараша айында британ дипломатиясы КСРО мен қарым-қатынас жөніндегі іс-қимылдарын қайтадан жалғастырды. Сонымен қатар, бертіндегі, буыны қатая бастаған гитлершілдікке қарсы топтасқан бірлікке (коалиция) алдағы уақытта Кеңес Одағының да қосылуы мүмкін екендігіне орай екі жақты қарым-қатынасты реттеу туралы ұсыныстар да жасалды. Осының нәтижесінде министр А.Залесский КСРО-ға қатысты «поляк мәселесіне» британдықтардың орынсыз араласуына: «Ресейдегі мәселеге аса мүдделі және қазіргі кезде сол елмен соғыс жағдайында тұрған бірден-бір мемлекет ретінде» өз наразылығын білдірді. Министр Галифакске бұған түсініктеме жасап, жазбаша кепілдік етуге келісімін берді. Қараша айының 27 күні қабылданған Ұлыбритания сыртқы істер министрінің үндеуінде Мәскеуде баяндалған британ ұсыныстарында «соғыс басталар алдында Қызыл Армия орналасқан аумақтарда кеңестік бақылау болғанын мойындау» туралы сөз болғанына келіседі. Бұдан әрі британ министрі бұл мойындаудың ел дербестігіне ешбір нұсқан келтірмегенін де қуаттады. Осыған сәйкес, Галифакс 1940 жылы қыркүйек айының 1 күнгі Қауым палатасындағы премьер-министр Черчилльдің декларациясына назар аударды. Онда былай делінген: «екі жақты мүдделердің келісіміне және ерік-жігеріне қарамастан тиісті шешім таппаған жағдайда болмаса, соғыс барысында орын алатын қандайда бір аумақтық өзгерістерді мойындау ойымызда да жоқ» [14; 51].

Халықаралық сахнадағы кеңестік саясаттың өзгерістерге бой алғаны жайында куәліктер баршылық. Польша жағынан мысалы, Кеңес Одағы саясатындағы екіжүзділікті ғана емес, сыртқы саясат қызметінің одан әрі құбылуы, Германияға әлде Ұлыбританияға ілесеміз бе? деген «жоғарғы орындағы» күресті де сан қилы әрекеттердің нәтижесі деп бағалауға болады. Осы кездегі кеңес-поляк қатынасы күн тәртібінде 1939 жылы қыркүйек айының 17 күнгі Батыс Украина мен Батыс Белоруссия жерлерінен жер аударылғандар жөнінде сараптама жасау міндеті тұрды. Бұған байланысты поляк қоғамында кеңестерге қарсы наразылық өріс алды, шындығына келсек, Франция құлаған соң жағдай өзгере бастады. Түрлі кеңестік элементтерді айыптағанның өзінде негізінен коммунистік және солшыл социалистік партиялары «лондон лагерінің» басым көпшілігі ерте ме, кеш пе Польша қалай болғанда Ұлыбританияның одақтасына айналады, яғни Кеңес Одағымен де одақтасады деген ой түйді [10; 125].

Франция мемлекетінің жеңілісінен кейін Польша эмигранттық үкіметінде соғыстың мақсаты туралы және бұдан арғы саясат соғыстан кейінгі Польшаның қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелеріне арналу қажеттілігі тіптен ширыға түсті. Францияның құлауымен қатар сол кездегі эмиграциядағы поляк үкіметі де өте ауыр күйзеліске ұшырады. Ең бастысы олар армияның көп бөлігінен айырылды. Армия – бұл Польшадағы үкімет болашағы туралы оның соғысқа қатысуы, соғыстан кейінгі бейбіт өмірдегі тұғырнамасы жайындағы мәселе болатын. Армия премьер-министр генерал Сикорский және оның үкіметі арқа сүйеген бірден бір нақты күш екендігі айқын еді.

Қорыта келгенде, Шығыс Еуропадағы ұзақ мерзімді бейбітшілік үшін қаланған негіз мықты болмай құлап қалды. Өйткені осы елдерді Германиямен бірлесіп бөлшектеу, аумақты басып алу туралы мәселелер басыңқы болды. Дегенмен «Фашистік Германиямен сөз байласу саясаты» Сталинге жалған бедел әперген де шығар, бірақ бұл фашистік Германияның Кеңес Одағына шабуыл жасау қатерінен сақтап қалуға кепілдік берген жоқ [15; 50]. Сол кездегі кеңестік әскери акция Батыс Украина мен Батыс Белоруссияның халқын азат етуін және оларды осыған орай «қуанышқа бөлеп», КСРО құрамына кіргізгені секілді біржақты түсініктермен шектелді. Ал құпия қосымша өткізілген кеңес-герман келісімінің, сондай-ақ, Польша аумағында кеңес-герман әскерлерінің бірлескен қимылдары қандай рөл атқарды және басқа да маңызды мәселелер назарға ілінбей де қалды.

### Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Политбюро ЦК РКП (б) – ВКП (б) и Европа. Решения «особой папки». 1923-1939. – Т.1. – М.: Российская политическая энциклопедия, 2001. – 400 с.
- 2 Внешняя политика Советского Союза. Сборник документов. – Т. III. – М.: Акад. Наук СССР, 1946-1947. – 656 с.
- 3 Zaron P. Kierunek Wschodni w strategii polityczno-wojskowej gen. Wladyslawa Sikorskiego 1940-1943. – Warszawa, 1988. – S. 68.
- 4 Sprawa polska w czasie drugiej wojny swatowej na arenie miedzynarodowej. Zbiór dokumentów. – Warszawa, 1965. – S. 22.

- 5 Рубинштейн Н. Рапалльский договор [Электронный ресурс]: Минск: Белорусская цифровая библиотека, 24 октября 2015. – Режим доступа: <http://library.by/portalus/modules/internationallaw>. – Дата доступа: 07.07.2018.
- 6 Документы и материалы по истории советско-польских отношений 1939-1943. – М.: Наука, 1973. – 508 с.
- 7 Slusarczyk J. Stosunki polsko-radzieckie 1939-1945. – Warszawa, 1991. – S. 12.
- 8 Риббентроп И. фон. Между Лондоном и Москвой. Воспоминания и последние записи. – М.: Политиздат, 1996. – 285 с.
- 9 Накануне 1931-1939. Как мир был ввергнут в войну: Краткая история в документах, воспоминаниях и комментариях. – М.: Политиздат, 1991. – 272 с.
- 10 Парсаданова В.С. О некоторых аспектах внешней политики польского правительства в эмиграции в 1940-1941 гг. //Международные отношения и стран Центральной и Юго-Восточной Европы в период фашистской агрессии на Балканах и подготовки нападения на СССР (сентябрь 1940-июнь 1941). – М., 1992. – С.124.
- 11 Dokumenty i materialy do historii stosunkiw polsko-radzieckich. T. VII-VIII. Warszawa, 1973. -S. 179.
- 12 Zaron P. Armia Polska w ZSRR, na Bliskim Wschodzie i Srodkowym Zochodzie. – Warszawa, 1981. – S. 105.
- 13 Черчилль У. Вторая мировая война. Пер с англ. – Кн.1. – Ростов на-Дону: Феникс, 1997. – 640 с.
- 14 Майский И.М. Воспоминания советского дипломата, 1925-1945. – М.: Международные отношения, 1987. – 782 с.
- 15 Григорьянц Т.Ю. Советско-германские переговоры в сентябре 1939 г. и сталинские планы в отношении Польши // Международные отношения и страны Центральной и Юго-Восточной Европы в начале второй мировой войны (сентябрь 1939 - август 1940). – М., 1990. – С. 50-51.

## НЕКОТОРЫЕ ПРОБЛЕМЫ СОВЕТСКО-ПОЛЬСКИХ ОТНОШЕНИЙ В МЕЖВОЕННЫЙ ПЕРИОД

*А.М. Сманова*

к.и.н., доцент

Казахский государственный женский педагогический университет,  
Казахстан, г. Алматы, email: aigulsmanova@mail.ru

В статье рассматриваются международные, дипломатические и военные отношения между Советским Союзом и польским правительством в эмиграции. После восстановления независимости Польши и формирования советского государства между этими странами шла идеологическая и политическая борьба, что было обусловлено продолжением традиционной российско-польской борьбой за господство в регионе Центральной и Восточной Европы. Обе стороны в этой борьбе важную роль отводили исторической науке, прежде всего в области изучения отношений между двумя странами. Историческая задача состояла в оправдании курса внешней политики, проводимого политическими лидерами стран, и поиске исторических аргументов в защиту их действий на международной арене.

*Ключевые слова:* дипломатия, Рапалльский договор, Восточная Европа, Советская Россия, социальные преобразования, Московская конференция, военнопленные

## SOME PROBLEMS OF SOVIET-POLISH RELATIONS DURING THE PERIOD BETWEEN TWO WORLD WARS

*A.M. Smanova*

Cans. Sci. (History), Associate Professor,  
Kazakh State Women's Teacher Training University,  
Kazakhstan, Almaty, email: aigulsmanova@mail.ru

The keynote of the article is to show international diplomatic and military relations Soviet Union and government of Poland in emigration. Since the restoration of Poland's independence and the formation of the Soviet state, an acute ideological and political struggle has unfolded between them, which is conditioned by both fundamental

ideological and divergent relations between these countries and the continuation of the traditional Russian-Polish struggle for the predominance of Central and Eastern Europe in the region. Both sides in this struggle played an important role in historical science, especially in those areas that studied the relationship between the two countries. The task of history, in the opinion of the political leaders of the two countries of the period under study, was to substantiate the foreign policy course pursued by the state and search for historical past arguments in favor of the actions of its country in the international arena.

**Key words:** *diplomacy, Treaty of Rapallo, Eastern Europe, Soviet Russia, social transformation, Moscow conference, prisoners of war*